



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

№ 872 от 05.10.2022  
Астана қаласы

город Астана

**«Марат Оспанов атындағы Батыс  
Қазақстан медицина университеті»  
коммерциялық емес акционерлік  
қоғамының Директорлар кеңесінің  
кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы 42-тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № КГИП-03-КГ/7996 хатының негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің құрамы 5 (бес) адам болып;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жыл болып айқындалсын.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мынадай мүшелері сайлансын:

1) Бүркітбаев Жандос Қоңысұлы – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі;

2) Карибаева Мамыр Қуанышқызы – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Мемлекет қатысатын мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс басқармасының бас сарапшысы;

3) Қалиев Әсет Әскерұлы – Қоғам басқармасының төрағасы-ректоры;

4) Рақыпбеқов Төлебай Қосиябекұлы – тәуелсіз директор;

5) Елеуов Ғалымжан Алмасбекұлы – тәуелсіз директор.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Персоналды басқару департаменті осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің аппарат басшысы Б.С. Әбділдинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі**

**А. Ғиният**

**Подписано**

05.10.2022 16:34 Гиният Ажар